

А.Н.Кушанова\*<sup>ID</sup>, А.С.Кушкимбаева<sup>ID</sup>

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан  
(E-mail: ainur.kuchshanova@mail.ru, alitok@mail.ru)

## М.Әуезов прозасындағы авторлық концептосфераның бейнелену ерекшеліктері

**Аңдатпа.** Зерттеу мақалада М. Әуезов шығармаларында көрініс табатын жеке авторлық концептосферасы терең мазмұнымен бірге, жалпыадамзаттық, жалпы философиялық сипаттары анықталған. Мақаланың теориялық және практикалық маңыздылығы жеке авторлық концептосфера қаламгердің авторлық санасында көрініс тапқан образы немесе түсінігі, автор дүниетанымындағы мәдени-мағыналық құндылықтар жүйесімен анықталады. Зерттеу әдіснамасы М. Әуезовтің жеке авторлық концептосферасын анықтауда «қасқыр», «қазақ әйелі», «жақсылық», «жамандық» концептілері зерттеу нысанына алынып, концептуалды талдау әдісімен айқындалды. «Көксерек», «Қаралы сұлу» шығармаларын «жақсылық», «жамандық» концептілері негізінде «қасқыр», «қазақ әйелі», концептілері, «өлім», «жесір», «екіаяқтылар», «жат иіс» фреймдерімен айқындалды. М. Әуезов шығармаларында анықталатын «жақсылық» пен «жамандық» концептілері доминатты оппозициялық концептілер ретінде қарастырылып, авторлық позиция тарапынан талданды. Зерттеу мақаланың құндылығы М. Әуезов шығармашылығын лингвомәдениеттану нысаны ретінде қарастырумен, ұлттық дүниетаным түсініктерінің авторлық позициядан талдануымен анықталады.

**Түйін сөздер:** концептосфера, авторлық позиция, жеке авторлық концептосфера, репрезентация, концепт.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-147-2-108-116>

Түсті: 23.01.2024; Жөнделді: 19.02.2024; Мақұлданды: 18.03.2024; Онлайн қолжетімді: 29.06.2024

### Кіріспе

Әрбір концепт халықтың немесе жеке адамның жалпы концептосферасын құрайтын негізгі элемент ретінде танылады. Әсіресе жеке авторлық концептосфера қаламгердің жеке авторлық позициясын көрсетеді. М. Әуезов шығармаларында көрініс табатын жеке авторлық концептосферасы терең мазмұнымен ғана емес, жалпыадамзаттық, жалпы философиялық сипатымен ерекшеленеді. Аталған сипаттар халқымыздың рухани дүниетанымында көрініс тауып, қаламгердің көркемдік-эстетикалық әлемінің мазмұнын, табиғатын қалыптастырды. Көркем шығармада көрінетін жеке авторлық әлем бейнесі көп жағдайда субъективті болып келеді, осы негізден автордың жеке түсініктері, позициясы көрінеді. Л.Г. Бабенко, Ю.В. Казарин зерттеулерінде қаламгердің жеке авторлық әлем бейнесі концептуалды талдаудан анықталатынын, осы мақсатта көркем мәтін мазмұнындағы барлық концептіні анықтап, зерттеу керек екенін айтады [1, 85]. Сонымен қатар автордың бағалауыштық позициясы концептілік өріс пен концептінің репрезентациясына байланысты екенін көреміз.

Көркем мәтіндегі әлем бейнесі эстетикалық тұрғыдан концептуалдануы автордың шығармашылық тұлға ретінде қалыптасқан білімдері, сонымен бірге әлем жайлы жеке көзқарастары көрінеді. Концептуалдану екі аспектіден анықталады: объективті заңдылықтар және автордың бағалауыштық позициясы. Авторлық сана тілдік бірліктер арқылы шынайы әлемді бейнелемейді, керісінше көркем мәтін үшін маңызды оқиғаларды, сипаттарды суреттейді. Қаламгерге тән концепт мазмұны авторлық дүниетаныммен, көркемдік-эстетикалық образбен, жеке авторлық әлем бейнесімен анықталады.

Мақалада М. Әуезов поэтикалық тұлғасының жеке авторлық концептосферасы зерттелген. М. Әуезов шығармашылығындағы әлемнің тілдік бейнесі, жеке авторлық концептосфера «Көксерек», «Қаралы сұлу» туындылары негізінде талданды. Мақаланың мақсаты М. Әуезовтің жеке авторлық концептосферасын «Көксерек», «Қаралы сұлу» шығармалары арқылы талдап, базалық концептілер жайындағы автордың түсінігін, позициясын анықтау. Осы негізде зерттеу мақала мынадай міндеттерді көздейді: жеке авторлық концептосфера жөніндегі зерттеушілер пікірлерін қарастыру, М. Әуезовтің «Көксерек», «Қаралы сұлу» шығармаларындағы авторлық позиция арқылы жеке авторлық концептосферада анықталатын концептілерді талдау. Туындылардағы концептілер жүйесін талдай келе қаламгердің әлемді қабылдауы және автордың жеке позициясы, өзіндік көзқарастары талданды. Жеке авторлық концептосфера белгілі бір мәдениет концептосферасына негізделеді. Көркем мәтіндегі концепт лингвомәдени тұрғыда зерттеуден айырмашылығы бар. Көркем шығармадағы концепт сезім, эмоция, дүниетаным, көзқарас сынды түсініктерден тұрады. Осылайша тілдік тұлғаның интеллектуалды, эмоциялық кеңістігі, когнитивті құрылымда танылатын терең мағынасы анықталды.

### Әдіснама

Жеке авторлық концептосфера қаламгердің авторлық санасында көрініс тапқан образы немесе түсінігі, автор дүниетанымындағы мәдени-мағыналық құндылықтар. М. Әуезовтің жеке авторлық концептосферасын анықтауда «қасқыр», «қазақ әйелі», «жақсылық», «жамандық» концептілері зерттеу нысанына алынып, концептуалды талдау әдісімен талданды. Концептосфера жайлы зерттеушілердің пікірлері салыстырылып, М. Әуезовтің жеке авторлық концептосферасы авторлық позициясы негізінде анықталды. Автордың концептуалды әлем бейнесін интерпретациялау арқылы көркем шығарманың көркемдік, эстетикалық аспектілері анықталды. «Көксерек», «Қаралы сұлу» шығармаларын «жақсылық», «жамандық» концептілері негізінде «қасқыр», «қазақ әйелі», концептілері, «өлім», «жесір дауы», «екіаяқтылар» фреймдері айқындалды. М. Әуезов шығармаларында анықталатын «жақсылық» пен «жамандық» концептілері доминатты оппозициялық концептілер деп танылып, семантикалық құрылымдық талдау әдісі арқылы талданды.

Қаламгердің жеке авторлық концептосферасын зерттей келе М. Әуезовтің дүниетанымының ерекшеліктерін ғана емес, ұлттық сана мен мәдениет жайлы көзқарастарының ерекшеліктері анықталды. Автордың жеке тәжірибесіне өзі өмір сүрген дәуірде орын алған саяси оқиғалардың әсері мол. «Жақсылық» пен «жамандық» концептілері тарихи, саяси, мәдени аспектіде түрліше анықталады, ал көркем шығармада автордың позициясы, әлем туралы көзқарастарымен бірге айқындалады. Көркем шығармада белгілі бір оқиғаны суреттеу барысында автор қарапайым сөзді таңдап қоймай, коннотативті мағынасын ұлғайтатын, ассоциативті потенциалы мол сөздерді қолданады. Мәселен автор «Көксерек» шығармасында «жамандық» концептісін адам мен табиғат арасындағы байланысты жауыздық сипатта бейнелейді. «Жамандық» концептісінің ассоциациялық өрісі көркем шығармада екі аяқтылардың қасқыр апанындағы қасқыр күшіктеріне қастығымен, Көксеректің Құрмашқа жауыздығы, рулар арасындағы барымтамен анықталады. Осылайша М. Әуезов шығармаларындағы жеке авторлық концептосфера ұлттық дүниетаным, ұлттық сана, авторлық позициямен байланысты екенін көреміз.

Көркем шығармада автордың көзқарастары, сезімдері, дүниетанымы және қоршаған ортадағы әрекеттерді, құбылыстарды бағалау сынды ұғымдары анықталады. Осы негізден мәтін құрылымдық жүйе ретінде кілт сөздерден құралып, адам санасында ассоциациялық образдарды, ойларды қалыптастырады. Көркем мәтін автордың әлем туралы пікірлерін көрсетеді.

### Әдебиетке шолу

Концепт және концептосфера ұғымдары жайлы Н.Д. Артюнова, С.Г. Воркачев, В.И.Карасик, Е.С. Кубрякова, Д.С. Лихачев, Г.Г. Слышкин, Қ. Жаманбаева, Ә.Д. Сүлейменова, Н. Аитова, Б.И. Нұрдаулетова, Ә. Оразалиева, К.Садирова зерттеулерінде қарастырылады. Қазіргі лингвомәдениеттану саласында қаламгердің жеке авторлық концептосферасы кеңінен қарастырылуда. Шотландия ақыны Р. Бернс шығармашылығындағы жеке авторлық концептосфераны анықтаған О.С. Выстропова антитеза әдісі арқылы «махаббат», «қуаныш» концептілерін авторлық позиция тарапынан талдаған [2, 17]. М. Цветаева шығармашылығын зерттеген В.А. Маслова көркем мәтіннің автордың жеке авторлық концептосферасын анықтауда маңызды екенін айтып, көркемдік-мәдени негізде мынадай қызметтерді айқындайтынын көрсетеді [3, 45]:

1. Ұлттық мәдениет призмасында әлем туралы ойлардың жиынтығы;
2. Эстетикалық ақпараттарды тасымалдайды. Мәтін өнер туындысы ретінде қарастырылады;
3. Тілдік ақпараттардың негізі деп анықталады.

Әлемнің көркемдік бейнесі көркем концептілерді анықтауда маңызды саналады. Оның себебі автор санасында көрініс тапқан концептілердің көркем шығармада репрезентациялануымен байланысты. Осы негізде концептілерді көркем концепт және жеке концепт деп қарастырамыз. Жеке концепт сан түрлі негізде анықталады. В.И.Карасик [4, 90], Г.Г. Слышкин [5, 32] зерттеулерінде жеке концептің сан түрлі құрылымға ие екенін айтылады. Көркем концепт автордың тәжірибесінен, құндылықтар жүйесінен, дүниетаным репрезентациясынан көрінеді. Көркем концепт негізінде жаңа мағыналар, ассоциациялар қалыптасады. Ұлттық концептосферада халықтың менталитеті, мәдениет бірліктері көрініс тапса, жеке авторлық концептосферада автордың өзіндік позициясы көрінеді.

З.Д. Попова, И.А. Стернин зерттеулерінде концепт қандай да болсын концепт моделі зерттеу моделі ретінде анықталатынын айтады [6, 11]. Осы негізде зерттеу мақалада М.Әуезов дүниетанымында концептілер жүйесінің көркем шығармаларда бейнеленуі ерекшеліктерін анықтаймыз. Концептілерді жеке және көркем деп екіге ажырату арқылы М. Әуезов шығармаларындағы концептілердің тілдік жүйеде анықталуымен, концептосфераның мазмұнды, құрылымды вербалданған компоненттері, моделі айқындалды.

Қай тілде де концептосфераның қалыптасуына мынадай фактор әсер етеді: әлеуметтік-тарихи, діни-рухани. Зерттеушінің көрсетуінше, концептосфера моделінің қалыптасуына әсер ететін принцип лингвомәдени концептілердің талабымен байланысты. Өз кезегінде лингвомәдени концепт құрылымы: образды, ассоциативті, түсініктер, құндылық, этимологиялық, тарихи негіздерден құралады. Е.А. Огнева зерттеулерінде көрінетін мұндай талдау концептіні терең мазмұнда зерттеуге мүмкіндік береді [7, 10]. Зерттеушінің методологиясын түпнұсқа мен аударма мәтіндерін концептуалдық талдау ретінде қарастыруға болады. Концептосфера құрылымы мынадай элементтерден тұрады: ядро, ядролық зона, жақын периферия, алыс периферия, шеткі периферия. Өз кезегінде когнитивті құрылым фрейм, субфрейм деп ажыратылады.

Қазақ тіл білімінде автор концептосферасы М. Мағауин [8, 50], О. Сүлейменов [9, 113] шығармашылықтары негізінде қарастырылған. Зерттеушілер Е.С. Адаева, А. Султанова концептілік талдау нақты бір лингвомәдениеттанымдық жүйеде жинақталған ұлттық сипат, ұлттық ерекшелік бейнесі ұғымдарын анықтайтынын айтады. ««Ұлттық өзіндік

бейне» дейтін себебіміз әрбір этнос өзін қоршаған әлемді тек «өз көзімен» көріп, өзінің түсінігіне жақын мазмұнмен толтырады. Дүниені бағалауда өз ұлттық ерекшелігін белгілейді. Концептілер арқылы берілетін рухани және материалдық құндылықтар тілдің барлық деңгейлерінде көрінеді» [8, 51]. Осы негізде М. Әуезов шығармашылығындағы жеке авторлық концептосфера ұлттық сипатты өзінше түсінуімен қалыптасатын авторлық позиция арқылы ерекшелене түседі.

### Нәтижелер мен талқылау

«Көксерек» шығармасы туралы Р. Нұрғали, Б. Майтанов, С. Айтуғанова, А. Кемелбаева, Қ.Тұңғатаров құнды пікірлерін білдіреді. Әдебиетші ғалым Б. Майтанов шығарманың психологиялық қырына назар аударады. Психология заңдылықтары әңгімеде шектеулі мөлшерге сыймай, үнсіз сөйлеп тұрғанын, шығарманы әдебиеттің антологиясына кіргізіп, қалам құдіретін, шеберлігін танытқан шығарма деп жоғары бағалайды [10, 131]. Сонымен қатар, Р. Нұрғали «Көксерек» әңгімесі жайында кезінде дау тудырғанын, автордың талантының айқын аймағы екенін, мотив көшіруден аулақтығын, ұсақ шығарма еместігін әрі оны әлем әдебиетіндегі үздік шығармалармен салыстыруға келетінін айтады. Зерттеушінің байқауынша, әңгіменің сюжеті Канада жазушысы Сетон-Томсеннің «Виннипег қасқырына» ұқсастығын айтады. Әрі бұл шығарманы тұтасымен философиялық шығарма деп бағалап, кемпірдің қасқырды басынан тебуін шығарманың шешім тапқан, ширыққан сәті екендігін айта кетеді [11, 121]. С. Айтуғанова қасқырдың жыртқыштығын, жыртқыштың тағылық жауыздығын, тіршілік иесі ретінде өзінің қалыптасқан тұрмыс-тіршілігі барын айта келіп, Көксеректің өз болмысына тартып, озбырлық пен зұлымдыққа барғанын айтады [12, 10]. Сонымен қатар, зерттеуші Қ. Тұңғатаровтың адамдар жасаған зұлымдықтың есесін Құрмаштың тартқанын, әйтпесе, өзінің бауырына салып, сырт көзден қызғыштай қорғаса да, ересектердің жасаған қателіктердің есесіне жауап береді [13, 38]. А. Кемелбаева болса, М. Әуезовті әлем әдебиетінде өзіндік орны бар Фолкнермен салыстырады. М. Әуезовтің «Көксерегін» қазақ әдебиетіндегі кіші проза жанрының сегізін бір төбе, Кенжекейім бір төбе дейтіндей, шығармаларының ішіндегі ерекшесі екендігін жеткізеді [14, 26]. Автор шығармаларында көрінетін кейіпкерлердің психологиялық әлемі әр түрлі тәсілмен берілген. «Көксерек» шығармасында адам мен табиғат арасындағы байланысты Көксерек пен Құрмаштың қатынасы арқылы жеткізеді. Ал «Қаралы сұлу» туындысында әйел күйінің эмоционалдық жағдайы суреттеледі.

«Көксерек» шығармасында қаламгер адамзаттың табиғатқа деген жауыздығын суреттеп, қасқыр болмысын шебер бейнелеген. Қасқыр мен табиғаттың тұтасқан мінезінен өшпенділік, жауыздық сипаттар көрінеді. Десе де адам табиғатына тән ашкөздік, қастандық қасиеттерінің кесірінен Құрмаш трагедиясының орын алуына әкеледі. Шығарманың басында-ақ адамдардың қасқыр апанына бірінші барып, бөлтіріктерге қастық қылғаны баяндалады. Автор позициясы қасқырдың табиғатын, болмысын терең білуі арқылы психологиялық параллелизм әдісімен астарлы ойын жеткізеді. А. Кемелбаева атап өткендей, Көксерек бейнесінен М. Әуезов болмысы мен мұңдалап көрініп, автордың жеке көзқарасы байқалады. Адамзат пен табиғат байланысын сөз ете отырып, саяси оқиғаларды да астарлы жеткізген қаламгер оқиғалар тізбегін шебер суреттейді. «Қаралы сұлу» шығармасында жесір атанған қазақ әйелінің болмысын, эмоциялық жай-күйін бейнелейді. Туындыда қазақ ауылдары арасында орын алған барымта, жаугершілік сипаттағы шабуылдар, ХХ ғасыр басындағы халық тұрмысы бейнеленген. Жоқтау дәстүрінің мәнісі мен мазмұны ашылып, Қарагөздің басындағы тұрмыс-тіршілік «қара» сөзімен беріледі. Шығармада сол кезеңнің басты тақырыбы әйел теңсіздігі суреттелмейді, керісінше өз теңінен қосылған қазақ әйелінің образы сомдалады. Дегенмен Қарагөз теңіне қосылса да, бір күнде жарынан айырылып, жесір әйел атанады. Осылайша қаламгер қазақ әйелінің жайы, тұрмысы арқылы бүтіндей халықтың болмысын бейнелі жеткізеді. Қаламгер назарынан сол кезеңдегі тарихи, саяси, мәдени оқиғалар қалыс қалмайды.



Қазақ тілінде «қасқыр» концептісі үш түрлі мағынада анықталады: қасқыр, бөрі, Көк бөрі [15, 76]. Қаламгердің жеке авторлық концептосферасында «қасқыр» концептісінің маңызы жоғары. Автор «қасқыр» концептісі арқылы адамзат пен табиғат қарым-қатынасын, тарихи, саяси оқиғаларды астарлы жеткізген. «Жақсылық» пен «жамандық» доминанты оппозициялық концептілер арқылы қаламгердің оқиғаларды, кейіпкерлер әлемін бейнелеудегі авторлық позициясы, ұстанымы көрінеді. «Көксерек» шығармасын талдай келе алдыңғы қатарға «жамандық» концептісі шығады. Оның себебі адамдардың қасқыр апанына барып, бөлтіріктерін өлтіруі, екеуін аман қалдырып, онда да біреуінің тілерсегін кесіп, біреуін өздерімен ала кетеді. Бөлтірікті тілерсегінен кесіп кету үлкен жауыздықтың көрінісі саналады. Өйткені тілерсегінен айырылған бөлтірік айбат қасқырға айналмайды. Кең далада жортып өмір сүретін жануарды тілерсегінен кесу – үлкен қастандық. Осы тұста «жат иіс» фреймі қолданылған: «... Ертеңіне түсте жат иіс шықты, алыстан әдеқандай дабырлаған дауыстар естіліп, жақындап келе жатты» [16, 32]. Жат иіс қасқыр апанына келген екі аяқтылардың теріс ниетін аңғартады. Кейіннен «жамандық» концептісі ұлғая береді. Ауылға келген соң бөлтірікті Құрмаш асырап алып, «Көксерек» деп атайды. Ауыл иттері Көксерекке көресіні көрсетіп, маза бермейді. Өсе келе Құрмаштан жыраққа кетіп қала беретін әдет қалыптастырған Көксерек ауыл иттеріне қарсылық танытып, өз күшін көрсетеді. Кейіннен көрші ауылға шауып, өзінің жыртқыштық болмысын көрсетеді. Көксеректің Құрмашқа қастандық жасауы «жамандық» концептісіндегі «өлім» фреймін анықтайды. «Жамандық» концептісінің ұлғаюы Құрмаштың өлімінен көрінеді. «Көксерек ырылдап тұрып: тісінің бір ұшымен қағып жұлып алып, басын шайқап өткенде, баланың бір жақ көзін қопарып алып кетті. Жүріп бара жатып, қылғып салды ...» [16, 45]. Шығарма басындағы оқиғаның нәтижесі Құрмаштың өліміне алып келді. Шығармадағы ұлттық таным қасқыр жайлы «Қанша асыраса да, орманға қарап ұлуын қоймайды» деген халық мәтелінің негізінде көрінеді. Қаламгердің жеке авторлық көзқарасы ұлттық танымдағы қасқыр түсінігімен бірге, өзінің танымындағы қасқыр болмысы суреттелген. Автор үшін шығармадағы «жамандық» концептісінің түсінікті мағынасында адамзаттың өзі бастап жасаған зұлымдығына міндетті түрде жауап болатынын жеткізеді. Образды негізде «жамандық» концептісі Көксерек бейнесімен танылады. Көксерек жамандықтың бастауы емес, бірақ қасқыр болмысымен образды түрде «жамандық» концептісінің бейнесі ретінде көрінеді. Этимологиялық тұрғыдан «қасқыр» концептісі Көк бөрі жайлы халық танымымен байланысты. Халық танымында қасқыр «Көк бөрі», «Көк тәңірі» ұғымдарымен сабақтас қарастырылады. Көк тәңірінің жерде әмірін орындау үшін әрі адамдарды жаратушымен байланыстыру Көк бөрілердің негізгі қызметі деп түсіндіріледі. А. Елгезектің айтуынша, Моңғолия территориясынан аяқ-қолы жоқ бала табылып, суреттің астында қасқыр бейнеленген. Сүй-Ши мен Бей-Ши деген қытай жылнамашыларының деректеріне қарай отырып, ескерткіштегі адамның мынадай оқиғаның кейіпкері екендігін, кезінде ғұн тайпасы көрші тайпалардың соққысына ұшырап, тегіс опат болғандығын, Ашина деген тоғыз жасар баланы қасқырдың қаншығы тауып алғанын, оны тауға әкеліп асырағанын айтады. Ашина сөзінің ежелгі түркі тілінен аударғанда «ең басты, аспан тектес бөрі» деген мағынаны беретінін жеткізеді [17]. Сонымен «жамандық» динамикалық концептісінде «қасқыр» концептісі «жат иіс», «екі аяқтылар» фреймі арқылы анықталып, жауыздық, қастық, ашкөздік сипаттарымен бейнеленеді.

«Қаралы сұлу» шығармасында бейнеленген Қарагөз арқылы қазақ әйелінің, оның ішінде «жесір әйел» болмысы көрінеді. Зерттеушілер Ж. Нұрсұлтанқызы, А. Жұмабекова «әйел» концептісінің құрамында: «Әйел-ана», «Әйел-шеше», «Әйел-қыз», «Әйел-келін», «Әйел-тоқал», «Әйел-жесір», «Әйел-қатын» образдарын анықтайды [18]. Соның ішінде «Әйел-жесір» концептісі «жамандық» динамикалық концептісі құрамында бақытсыздық мағынасында қолданылады. «Алты жыл қаралы, қайғылы алты жыл өтті. Әрбірі бір-бір өмірдей сарылған ұзақ. Қара жел үзілмей соққан күздің суық күніндей қуарған жүдеу жылдар...» [19], - деп Қарагөздің қаралы тұрмысы бейнеленеді. Халық танымында жесір әйел болмысы: қапалы көңіл, жоқтау жыр, мұң басқан бейнесімен көрінеді. Автор ұлттық

дүниетаным көрінісін негізге ала отырып, Қарагөздің тұрмысын, тіршілігін «қара» сөзімен байланыстырған. Қаламгер Қарагөздің жары Әзімханның күтпеген жерден өмірден өткенін былай суреттейді: «Сондай ашық күннің ортасында бір-ақ сағат ішінде түсі суық, шоқ қара бұлт ойнап шыққан. Аяқ астынан келген бір қаза бір-ақ күннің ішінде Қарагөзді қаралы қылып, қаңғыртып кеткен...» [19]. «Аттан», «шабыс» фреймдері арқылы «өлім» концептісі анықтала түседі. Оқиғаның мәнісі Қарагөздің Сыбанбай ауылының жесірі болғанымен, кейінірек Әзімханның айттырып алуымен байланысты. Халық арасында ескерусіз, елеусіз қалмайтын екі дау бар – жер дауы мен жесір дауы. Осындай жаулық әрекеттер кейінірек ұмтылса да, басқа да жауластықтың тууына әсер етті.

Шығармада «қазақ әйелі» концептісінің ассоциациялық өрісі былайша көрінеді: жесір дауы, әйел теңсіздігі, айттыру, жоқтау. Шығармада Қарагөздің жарын жоқтағанына ерекше акцент қойылған: «Іштегі жалын мен күрсінген жүзі Қарагөздің басқа тіршілікті талақ қылып ұмытқанын білдірді. Қаралы тор тұтқынын жұрт: «Жарын жоқтай білді» десті. Қарагөздің жоқтауы мен даусын барлық Ырғайлы жаттап алып, әнге салып айтып та жүрді. Кемпір-шал Қарагөзді аузынан тастамай мақтап: «байының артын бұндай жақсы қылып күткен әйел болған емес» деп аңыз қылды» [19]. Халық дүниетанымында «жесір әйел» жарын жоқтап, дүниеден өткен ерін өмірінің соңына дейін қадірлеп өткен.

«Көксерек», «Қаралы сұлу» шығармаларын «жақсылық» пен «жамандық» динамикалық концептілер негізінде қарастыру арқылы М. Әуезов шығармалары жаңаша қырынан танылды. Қаламгер туындыларында «жамандық» концептісін айқындайтын: «қасқыр», «қазақ әйелі» концептілері «өлім», «екі аяқтылар», «жат иіс», «жесір әйел», «жесір дауы» фреймдері арқылы танылды. Бұдан жеке авторлық концептосфераның «жамандық» концептісімен байланысты екенін көреміз.

### Қорытынды

М. Әуезовтің жеке авторлық концептосферасы «Көксерек», «Қаралы сұлу» шығармалары арқылы қарастырылды. Зерттеу мақаланың мақсатына сәйкес М. Әуезовтің жеке авторлық концептосферасы «Көксерек», «Қаралы сұлу» шығармалары негізінде қарастырылып, автордың түсінігі, позициясы анықталды. Осылайша зерттеу мақалада көзделген мынадай міндеттер орындалды: жеке авторлық концептосфера жөніндегі зерттеушілер пікірлері қарастырылды және М. Әуезовтің «Көксерек», «Қаралы сұлу» шығармаларындағы авторлық позиция арқылы жеке авторлық концептосферада анықталатын концептілер талданды. Осы ретте М. Әуезовтің «жақсылық» пен «жамандық» динамикалық концептілерінде авторлық позиция айқындалып, қаламгердің шығармашылығы жан-жақты қарастырылды. Осылайша зерттеу мақалада М. Әуезовтің жеке авторлық концептосферасы дәйектеліп, ұлттық дүниетаным мен автор позициясы бірлігінде анықталды.

**Авторлардың қосқан үлесі.** Кушанова А.Н. - М.Әуезовтің «Көксерек», «Қаралы сұлу» шығармаларындағы «қасқыр», «қазақ әйелі», «жамандық» концептілерін динамикалық негізде қарастырады. Қаламгер туындыларында «жамандық» концептісін айқындайтын: «қасқыр», «қазақ әйелі» концептілері «өлім», «екі аяқтылар», «жат иіс», «жесір әйел», «жесір дауы» фреймдері арқылы танылатынын анықтады. Бұдан жеке авторлық концептосфераның «жамандық» концептісімен байланысты екенін көрсетеді. Кушкимбаева А.С. - мақаланың кіріспе, әдебиетке шолу бөлімдері бойынша материалдар жинақтады.

### Әдебиеттер тізімі

1. Бабенко Л. Г., Казарин Ю. В. Лингвистический анализ художественного текста. Теория и практика: Учебник; Практикум / Л. Г. Бабенко, Ю. В. Казарин. – 3-е изд. – М.: Флинта; Наука, 2005. – 495 с.

2. Выстропова О.С. Индивидуально-авторская концептосфера Роберта Бернса: Монография. – Казань: Бук, 2020. – 164 с.
3. Маслова В. А. Поэт и культура: концептосфера Марины Цветаевой: учебное пособие. – М.: Флинта: Наука, 2004. – 256 с.
4. Карасик В. И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – Волгоград, 2002. – 476 с.
5. Слышкин Г. Г. От текста к символу: лингвокультурные концепты прецедентных текстов в сознании и дискурсе. – М., 2000. – 128 с.
6. Попова З. Д., Стернин И. А. Когнитивная лингвистика. – АСТ: Восток – Запад, 2007. – 314 с.
7. Огнева Е.А. Когнитивно-сопоставительное моделирование концептосферы художественного текста. Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора филологических наук. – Белгород, 2009. – 42 с.
8. Адаева Е.С., Султанова А. Көркем мәтіндегі концептілік өріс (Мұхтар Мағауиннің «Қыпшақ аруы» романы негізінде) // Еуразия гуманитарлық институты хабаршысы, №1, 2022. – Б. 49-60. DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2022-1.06>.
9. Туманова А.Б. Категория пространства как особый компонент концептосферы О. Сулейменова. «Творчество Олжаса Сулейменова и вопросы национального самосознания»: материалы международной научной конференции, посвящённой 80-летию казахского поэта и общественного деятеля Олжаса Омаровича Сулейменова. 5-6 мая 2016 г. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 306 с.
10. Майтанов Б.К. Психологизм в художественной литературе. Учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 235 с.
11. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Зерттеу. – Астана: «Күлтегін» баспасы, 2002. – 528 б.
12. Айтуғанова С. Адам және табиғат концепциясы шағын прозада. Канд. дис. – Алматы, 2000. – 127 б.
13. Тұнғатаров Қ. Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» повесіндегі психологиялық параллелизм. // ҚазҰУ Хабаршысы. - 2012. - №4. - 36-41 б.
14. Кемелбаева А. Мәжнүн жүрек: Эссе, сұхбат. – Алматы: «Алаш» баспасы, 2013. – 384 б.
15. Ordabekova K., Tulerova S., Zholshayeva M., Kurkebayev K. The concept “Wolf” in Kazakh Language: Traditional Conceptualisations. Journal of Language and Cultural Education, 2022, 10(2). P. 73-83 DOI: 10.2478/jolace-2022-0012.
16. Әуезов М. Көксерек [Мәтін]: әңгімелер / М. Әуезов; [құраст. О. Асқар]. – Алматы: Балауса, 2006. – 508 б.
17. Елгезек А. Хан қасқыр. [Электр. ресурс] <https://abai.kz/post/12709>.
18. Нурсултанқызы Ж. Қазақ паремиясындағы «Қазақ әйелі» концептісінің ұлттық-мәдени ерекшелігі / Жазира Нурсултанқызы, Айғаным Жумабекова. – Текст : непосредственный // Молодой ученый. – 2015. – № 6.2 (86.2). – С. 64-67. – URL: <https://moluch.ru/archive/86/16542/> (дата обращения: 01.01.2024).
19. Әуезов М. Қаралы сұлу. [Электр. ресурс] - URL: <https://abai.kz/post/7167> (қаралаған күні 20.05.2023).

**А.Н. Кушанова\*, А.С. Кушкимбаева**

*Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, Актюбе, Казахстан*

### **Особенности выражения авторской концептосферы в прозе М. Ауэзова**

**Аннотация.** В исследовательской статье определены общечеловеческие, общепсихологические характеристики, а также глубокое содержание индивидуальной авторской концептосферы, отраженной в произведениях М. Ауэзова. Теоретическая и практическая значимость статьи определяется системой культурно-смысловых ценностей в мировоззрении автора, образом или понятием, отраженным в авторском сознании автора индивидуальной концептосферы. Методология исследования в определении собственной авторской концептосферы М. Ауэзова концепты «волк», «казахская женщина», «добро», «зло» были выведены на объект исследования и определены методом концептуального анализа. Произведения «Коксерек», «Каралы сулу» на основе концептов «жаксылык», «жамандык» были обозначены рамками «волк», «казахская женщина», «смерть», «вдова», «двуногие», «чуждый запах». Концепты «добро» и «зло», определяемые в произведениях М. Ауэзова, рассматривались как доминирующие оппозиционные концепты и анализировались со стороны авторской позиции. Ценность исследовательской статьи определяется рассмотрением

творчества М. Ауэзова как объекта лингвокультурологии, анализом представлений о национальном мировоззрении с авторской позиции.

**Ключевые слова:** концептосфера, авторская позиция, индивидуальная авторская концептосфера, репрезентация, концепт.

**A.N. Kuchshanova\*, A.S. Kushkimbayeva**

*Aktobe K.Zhubanov Regional University, Aktobe, Kazakhstan*

### **Features of author's conceptual sphere expression in M. Auevov's prose**

**Abstract.** The research article defines the universal, general philosophical characteristics, as well as the deep content of the individual author's conceptual sphere reflected in the works of M. Auevov. The theoretical and practical significance of the article is determined by the system of cultural and semantic values in the author's worldview, an image or concept reflected in author's consciousness of individual conceptual sphere. The methodology of research in determining author's own conceptual sphere of M. Auevov's concepts "wolf", "Kazakh woman", "good", "evil" were brought to the object of research and determined by conceptual analysis method. The works "Kokserek" and "Karaly Sulu" were based on the concepts "zhaksylyk" and "zhamandyk", which were designated by the frames "wolf", "Kazakh woman", "death", "widow", "bipeds", and "alien smell". The concepts of "good" and "evil", defined in the works of M. Auevov, were considered as dominant oppositional concepts and analyzed from the author's position. The value of research article is determined by considering the work of M. Auevov as an object of linguoculturology, and analysis of ideas about national worldview from author's position.

**Keywords:** conceptual sphere, author's position, individual author's conceptual sphere, representation, concept.

### **References**

1. Babenko L.G., Kazarin Yu. V. *Lingvisticheskij analiz hudozhestvennogo teksta* [Linguistic analysis of literary text]. *Teoriya i praktika: Uchebnik; Praktikum, 3e-izd.* [Theory and Practice: Textbook; Practicum, 3rd ed.] / L.G. Babenko, U.V. Kazarin. (Flinta: Nauka, Moscow, 2005, 495 p.) [in Russian]
2. Vystropova O.S. *Individualno-avtorskaya konceptosfera Roberta Bernsa* [Individual author's concept sphere of Robert Burns]: *Monografiya.* [Monograph] (Buk, Kazan', 2020, 164 p.) [in Russian]
3. Maslova V. A. *Poet i kultura: konceptosfera Mariny Cvetaevoj* [Poet and culture: the concept sphere of Marina Tsvetaeva]: *uchebnoe posobie.* [Textbook] (Flinta: Nauka, Moscow, 2004, 256 p.) [in Russian]
4. Karasik V.I. *Yazykovoij krug: lichnost, koncepty, diskurs* [Language circle: personality, concepts, discourse]. (Volgograd, 2002, 476 p.) [in Russian]
5. Slyshkin G.G. *Ot teksta k simvolu: lingvokulturnye koncepty precedentnyh tekstov v soznanii i diskurse* [From text to symbol: linguistic and cultural concepts of precedent texts in consciousness and discourse]. (Moscow, 2000, 128 p.) [in Russian]
6. Popova Z.D., Sternin I. A. *Kognitivnaya lingvistika* [Cognitive linguistics]. (AST: Vostok-Zapad, Moscow, 2007, 314 p.) [in Russian]
7. Ogneva E.A. *Kognitivno-sopostavitelnoe modelirovanie konceptosfery hudozhestvennogo teksta* [Cognitive-comparative modeling of the concept sphere of a literary text]. *Avtoreferat dissertacii na soiskanie uchenoj stepeni doktora filologicheskikh nauk.* (Belgorod, 2009, 42 p.) [in Russian]
8. Adaeva E.S., Sultanova A. *Korkem matindegi konceptilik oris (Mukhtar Magauinnin «Kupshak aruy» romany negizinde)* [Conceptual field in an artistic text]. *Euraziya gumanitaryk instituty habarshysy* [Bulletin of Eurasian Humanitarian Institute], №1, 2022. P. 49-60. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2022-1.06> [in Kazakh]
9. Tumanova A.B. *Kategoriya prostranstva kak osobyj komponent konceptosfery O. Sulejmenova* [The category of space as a special component of the concept sphere O. Suleimenov]. «*Tvorchestvo Olzhasa Sulejmenova i voprosy nacional'nogo samosoznaniya*»: *materialy mezhdunarodnoj nauchnoj konferencii, posvyashchyonnoj 80-letiyu kazahskogo poeta i obshchestvennogo deyatelya Olzhasa Omarovicha Sulejmenova.* 5-6 maya 2016 g. (Kazak Universiteti, Almaty, 2016, 306 p.) [in Russian]
10. Maitanov B.K. *Psihologizm v hudozhestvennoj literature* [Psychologism in fiction]. *Uchebnoe posobie.* (Kazak Universiteti, Almaty, 2004, 235 p.) [in Russian]



11. Nurgali R. Kazak adabietinin altyn gasyry [Golden age of Kazakh literature]. Zertteu [Research] (Kultegin, Astana, 2002, 528 p.) [in Kazakh]
12. Aituganova S. Adam zhane tabigat koncepciyasy shagyn prozada [The concept of man and nature in short prose]. Kand. dis. (Almaty, 2000). [in Kazakh]
13. Tungatarov K. Mukhtar Auezovtin «Kokserek» povesindegi psihologiyalyk parallelizm [Psychological parallelism in the story “Kokserek” by Mukhtar Auezov] KazYU Habarshysy [Bulletin of Kazakh National University]. 4, 36-41 (2012).
14. Kemelbaeva A. Mazhnun zhurek: Esse, sukhat (Alash, Almaty, 2013, 384 p.). [in Kazakh]
15. Ordabekova K., Tulepova S., Zholshayeva M., Kurkebayev K. The concept “Wolf” in Kazakh Language: Traditional Conceptualisations // Journal of Language and Cultural Education. 10(2), 73-83 (2022). DOI: 10.2478/jolace-2022-0012 [in English]
16. Auezov M. Kokserek [Kokserek] [Text]: angimeler / M. Auezov; [Kurast. O. Askar]... (Balasa, Almaty, 2006, 508 p.) [in Kazakh]
17. Elgezek A. Han Kaskur [Wolf Khan]. [Elektr. resourse] <https://abai.kz/post/12709> [in Kazakh]
18. Nursultankyzy Zh. Kazak paremiologiyasyndagy «Kazak aieli» konceptisinin ulttyk-madeni ereksheligi / Zh. Nursultankyzy, A. Zhumabekova. — Tekst: neposredstvennyi // Molodoi uchenyi. 6.2 (86.2), 64-67(2015). — URL: <https://moluch.ru/archive/86/16542/> (Accessed: 01.01.2024). [in Kazakh]
19. Auezov M. Karaly sulu [Black beauty] [Elektr. resourse] URL:<https://abai.kz/post/7167> [in Kazakh]

#### Авторлар туралы мәлімет:

**Кушанова А.Н.** – хат-хабар үшін автор, PhD докторант, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан.

**Кушкимбаева А.С.** – PhD, доцент, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан.

**Кушанова А.Н.** – автор для корреспонденции, докторант, Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, Актобе, Казахстан.

**Кушкимбаева А.С.** – PhD, доцент, Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, Актобе, Казахстан.

**Kuchshanova A.N.** – corresponding author, PhD student of K.Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan.

**Kushkimbayeva A.S.** – PhD, Associate Professor, K.Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).